

«Бекітемін»
№280 орта мектеп директоры
Ж.Кумекбаева 

**№280 орта мектебі педагог-психологының – 2023-2024
оқу жылында атқарылған жылдық
жұмыстарының есебі**

Педагог-психолог: Жидебаева Құралай Сабырбекқызы

2023-2024 оқу жылы


№280 орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы педагог-психологының жыл бойы атқарылған жұмыстардың есебі

Психодиагностикалық бағытта:

Қыркүйек айында: Психологтың жылдық жоспарын құру, оқушылардың әлеуметтік картасы, оқушылардың мектепке дайындығын анықтау тесті, мектепке жаңадан қабылданып жатқан 1-сынып оқушыларынан «Керн-Йерасек» тесті алынды. Жалпы тестке 35 оқушы қатысты.




5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін зерттеу. «Менің сыныбым» тесті алынды, тестке 39 оқушы қатысты.



Қазан айында: «Dass» шкаласы психикалық саулықты, көңіл-күйді анықтауға арналған скрининг, 7-9-сынып оқушыларынан жалпы 97 оқушы қатысты.

"Дасс депрессия шкаласы" сауалнамасының мониторингі




«НСВ -10» әдістемесі психикалық саулықты, көңіл-күйді анықтауға арналған скрининг, 5-6 сынып оқушыларынан жалпы 63 оқушы қатысты. Нәтижесінде 2 оқушыдан жеңіл мазасыздық анықталды.

Қараша айында: Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалаларын анықтау мақсатында 5-10 сынып оқушылары арасында эссе алынды. «Өзіңді мақта» /5 сынып/, «Менің армандарым» /6 сынып/, «Менің өмірім» /7 сынып/, «Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/, «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/, «Мен таңдаған өмір» /10 сынып/. Жалпы эссеге 160 оқушы қатысты.


10-5 сынып оқушыларының темперамент типін анықтау мақсатында темперамент типі тесті жүргізілді. Жалпы тестке 160 оқушы қатысты.

"Темперамент типі" тест мониторингі




Желтоқсан айында: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б) сауалнамасы алынды. Нәтижесінде оқушылардан танымдық процестерінің қалыпты дәрежеде екені анықталды.


Қаңтар айында: Ддо- Е.Л.Климовтың дифференциалдық-диагностикалық сұрақнама, адамдарды биологиялық белгілер бойынша нақты психологиялық типтерді анықтау сауалнамасы алынды. Жалпы сауалнамаға 29 оқушы қатысты.



Ақпан айында: Темпераментті анықтауға арналған тест Google форма платформасымен 45 мұғалімнен алынды.



Педагогтардың кәсіби-тұлғалық ерекшеліктерін және эмоционалды-еріктік аймағын диагностикалау сауалнамасы 45 мұғалімнен алынды.




Наурыз айында: Сынып оқушыларының стресске төзімділік тесті оқушылардың стресске төзімділігін анықтау мақсатында Э.Ховард әдістемесі 5-6 сынып оқушыларынан алынды. Жалпы сауалнамаға 91 оқушы қатысты, нәтижесінде стресске тез ұшырайтын оқушылар анықталмады.


«Dass» шкаласы психикалық саулықты, көңіл-күйді анықтауға арналған скрининг, 7-10-сынып оқушыларынан жалпы 99 оқушы қатысты.



Сәуір айында: Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарын анықтау мақсатында 9 сынып оқушыларымен «Профиль» әдістемесі алынды. Жалпы сауалнамаға 29 оқушы қатысты.



8-9 сынып ата-аналарынан американдық мамандар Ф.Татл және Л.Беккердің балалардың бейімділігінің мүмкіншілігін және дарындылығын анықтау тест-сауалнамасы алынды. Жалпы сауалнамаға 72 ата-ана қатысты.



Мамыр айында: «Жануар мектебі» әдістемесі мектепалды даярлық тобымен жүргізілді.

Профилактикалық бағытта:

Қыркүйек айында: Мектеп ата-аналарынан рұқсат қолхат алу, Ата –аналармен «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында жиналыс.



Қазан айында: Ата-аналармен қашықтан 2023-2024 оқу жылында «Қатыгездіксіз» және «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» жиналыс өткізілді.



Қараша айында: 7-8 сынып оқушыларымен «Менің психологиялық денсаулығым» тақырыбында семинар өткізілді.



Желтоқсан айында: 7-10 сынып қыз баларымен психикалық денсаулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын-алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.



Қаңтар айында: 7-11 сынып ер балаларымен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.



Ақпан айында: «Сиқырлы Әлем» ақпараттық науқаны, психологиялық апталығы жүргізілді.

Сәуір айында: Жалпы ата-аналар жиналысы «Мен қандай ата-анамын?»



Мамыр айында: 2022-2023 оқу жылының аналитикалық және статистикалық есебін әзірленді.

Психоконсультациялық бағытта:

Жыл бойы: сынып жетекшілерге зерттеу нәтижелері бойынша кеңес беру, жас мамандарға бейімделуге байланысты кеңес беру, ата-аналар комитетімен жұмыс, сұраныс бойынша жеке және топық кеңес беру.

Психокоррекциялық бағытта:

Қыркүйек айында: 1-сынып оқушыларымен «Кел танысайық!», 5-сынып оқушыларымен «Бірінші рет 5 сыныпқа» тренинг сабақтар өткізілді.



Қазан айында: 6 сынып оқушыларымен «Пікірталас-жанжал емес», 4 сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын» тренинг сабақтары жүргізілді.



Қараша айында: 3-4 сынып оқушыларымен «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту», 7-8 сынып оқушыларымен «Менің психологиялық денсаулығым» тренинг сабақтары өткізілді.



Желтоқсан айында: 8-9 сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» 10 сынып оқушыларымен «Ашу-ызы билегенде не жасау керек?» тренинг сабақ жүргізілді.



Қаңтар айында: 6 сынып оқушыларымен «Реніштен арылу», 8 сынып оқушыларымен «Ой, сезім, мінез-құлық», 1 сынып оқушыларымен «Алақай мен оқушымын!», 5 сынып оқушыларымен «Менің мектептегі сезімім» тренинг сабақтары өткізілді.



Ақпан айында: «Сиқырлы Әлем» ақпараттық науқаны, психологиялық апталығы жүргізілді.

Наурыз айында: 1 сынып оқушыларымен «Біздің сынып-бұл біз», 5 сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын» тренинг жүргізілді.



Сәуір айында: 10 сынып оқушыларымен «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тренинг сабақ жүргізілді.



Мамыр айында: 1 сынып оқушыларымен «Менің мектептегі көңіл-күйім», 5 сынып оқушыларымен «Реніштен арылу» тренингі жүргізілді. 2023-2024 оқу жылының аналитикалық және статистикалық есебін әзірленді.

